

ӘОЖ 811.512.122

**ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА ӨТУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ:
ТАРИХИ КЕЗЕҢДЕР МЕН НӘТИЖЕЛЕР**
**THE IMPORTANCE OF IMPLEMENTATION OF LATIN GRAPHICS:
HISTORICAL STAGES AND RESULTS**

Бақыт ӘБЖЕТ*

Түйіндеме

Қазақстан өзінің тәуелсіздігіне қол жеткізген кезден бастап латын графикасына өту мәселесі күн тәртібінде қайта көтерілген болатын. Сол уақыттан бері Қазақстан жазу үлгісін латын графикасына ауыстыру мәселесіне қызу кірісті, лингвист-ғалымдар мен ғылыми-зерттеу институттары өздері жасап шыққан графиканың бірнеше үлгілерін үкімет пен парламент құзырына жолдады. Латын графикасының қайта жаңғыруын егемендігіміздің нығаюы жолындағы тағы бір үлкен кезең ретінде қарастыруға болады.

Мақалада автор түркі халықтарының әр кезеңдерде қолданған түрлі жазу графикасының шығу тарихына және латын графикасына көшудің де тарихи кезеңдеріне шолу жасайды. Тәуелсіздікке қол жеткізген Қазақстанның латын графикасын қабылдауының өзі егемендікті бекемдей түсу жолында жасалған тағы бір қадам болғандығын атап көрсетеді.

Кілт сөздер: Елбасы, апостроф, латын графикасы, А.Байтұрсынұлы, Алаш идеясы.

Summary

From the moment Kazakhstan gained its independence, the issue of transition to Latin graphics was on the agenda. Since then, Kazakhstan has been actively involved in translating the typewriter into Latin script, linguist-researchers and research institutes have sent several models of graphics to their government and parliament. Renewal of Latin graphics can be seen as another great step towards strengthening our sovereignty.

In the article the author reviews the history of the transition to Latin script by reviewing the history of the various writing charts of the Turkic peoples used at different times. The adoption of the Latin script of Kazakhstan, which has gained independence, is another step taken to boost sovereignty.

Keywords: Head of State, Apostrophe, Latin Graphics, A.Baitursynuly, Idea of Alash.

* филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркология ғылыми-зерттеу институтының жетекші ғылыми қызметкері. Түркістан-Қазақстан.

Candidate of philological Sciences, professor K.A.Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan-Kazakhstan. E-mail: abjet_71@mail.ru

2006 жылы Елбасы Н.Назарбаев Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында сөйлеген сөзінде: «Біз алдағы уақытта да мемлекеттік тілді дамыту бағытындағы кешенді жобаларды жүзеге асыруды табандылықпен жалғастыра береміз. Қазақ алфавитін 2025 жылға қарай латын графикасына көшіруге дайындық жұмысын осы бастан қолға алу қажет. Бұл қазақ тілін жаңғыртып қана қоймай, оны осы заманғы ақпараттың тіліне айналдырады» [1], - деген болатын. Қазіргі кезде Қазақстан жазу үлгісін латын графикасына ауыстыру мәселесіне қызу кірісті, лингвист-ғалымдар мен ғылыми-зерттеу институттары өздері жасап шыққан графиканың бірнеше үлгілерін үкімет пен парламент құзырына жолдап та үлгерді. Парламентке жолданған алғашқы «диграф» жобасы яғни, қосарланған әріп арқылы бір дыбыс беру жүйесі халықтың көңілінен шықпады.

12 қазан 2017 жылы Астанада өткен баспасөз конференциясында Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамыту республикалық үйлестіру-методикалық орталығының директоры Ербол Тілешов пен А.Байтұрсынов атындағы тіл білімі институтының аға ғылыми қызметкері, профессор Әлімхан Жүнісбек 32 әріптен тұратын латын әліпбиінің жаңа нұсқасын ұсынды. Онда қазақ тіліне ғана тән кейбір дыбыстарды апостроф (дәйекше) арқылы белгілеу көрсетілген. Бұл нұсқа үкімет құзырына жаққанымен халықтың бәрі бірдей бұл нұсқаның артықшылығын мойындамады. Себебі қазақ тілі жалғамалы тілге жататындықтан жалғамалы тілдерде белгілі бір грамматикалық мағынаны білдіру үшін дербес қосымша жұмсалатыны белгілі. Демек ұзақ сөздер жиі ұшырасады деген сөз. Әр дыбыстың үстіне үтір қою арқылы шұбалаңқы сөздерді түсінудің қиыншылығы туындай бастайды. Дегенмен, айтыс-тартыстың белең алуымен қатар латын графикасының тиімді тұстарын жақтаушылар тобы да көбейді. Қолдаушылардың дені қазіргі кезеңде латын әрпін қолданатын елдердің экономикасының ілгері жылжығандығын осы графиканың тылсымымен байланыстыра түсіндіреді. Оның үстіне қазіргі кезде халықаралық байланыс тілі ағылшын тілі болғандықтан соңғы ақпараттар мен жаңалықтардың басым көпшілігі осы тілде жарық көретіндігі ақиқат. Осындай дамыған елдердің көшіне тезірек ілесу үшін жазу графикасын латын әрпіне ауыстыру қажеттігі көтеріліп отыр. Байланыс құралдарының барлығы латын графикасында жасалған, егер біз осы латыншаға өтсек бұл қосымша шығындарды азайтуға септігі тиеді. Алайда, бүкіл экономиканың жақсаруы тек қана латын әрпіне көшуден басталады деген жаңсақ пікір қоғамда

Б. Әбжет. Латын графикасына өтудің маңыздылығы: тарихи кезеңдер мен...

қалыптаспауы керек. Бұл тек қазақ халқының идеологиясы мен болашағы үшін, өзінің келешектегі жүрер жолын анықтау үшін қажет дүние. Себебі туысқан түркі жұртының көпшілігі қазіргі кезде латын графикасына көшті. Оның артында тілдің тазалығын сақтау мәселесі де тұр. Кирилл әліпбиіндегі басы артық әріптердің жазылуының қазақтың сингармонизм заңдылығын бұзатын тұстары да бар. Мұның салдары сол - қазақшаны оқулық арқылы үйренуге бет алған қалалық жерлерде тұратын жастардың сөйлеу мәнерін бұзуда. Осы қалпында кете берсе ертең дұдамал тілде сөйлейтін жастар шоғыры көбейіп, ырық бермей кетеді. Оның үстіне тарихымыз бір, тіліміз бір туысқан түркі жұртымыздан ешқашан да іргемізді ажыратуға болмайды, керісінше мейлінше жақындаса түсудің стратегиялық пайдасы орасан күшті болмақ. Біз де солармен бірге болу жолында өз бағытымызды айқындап жатқан ұлтпыз.

Экономика дамуының көрсеткіштері бір ғана әріптен не әліпбиден тұрмайды. Еліміздегі көптеген сарапшылардың берген бағдары қазіргі экономикасы кері кеткен елдердің көбі латын әрпінде болмағандықтан осындай күйге енді дегенге саяды. Шындығы солай ма? Ең дамыған елдердің қатарынан көрінетін Жапония әлі латын графикасына көшкен жоқ. Қазіргі кезде экономикасы алғашқы орынға шыққан алып Қытайдың өзі төл жазуын, тарихтар қойнауына кететін иероглифін қолданып келеді. Қазіргі кезде компьютерлер мен жаңа технологияларды өндіруші дамыған ел Оңтүстік Кореяны да солардың қатарына қосуға болады. Азияда мықты дамып келе жатқан Иран мемлекеті де әлі күнге араб жазуын қолданады. Олардың барлығы өздерінің жазба мәдениетінен қол үзгілері келмейді. Атадан балаға мұра болып сақталған көне жазу үлгісін көзінің қарашығындай қорғаштау арқылы жас ұрпақты өз мәдениетін сүюге тәрбиелеп келеді. Дегенмен бұл елдердің ғалымдары мықты, кез-келген оқымысты адам өз тілімен қатар ағылшын тілінде де еркін жазып сөйлей алады. Демек, кез-келген ел даму үшін алдымен ғылымына мән беріп, сол арқылы өз мәдениетін дамытуы керек, сонымен қатар әрбір зиялы адам шет тілдерін әсіресе, ағылшын тілін жақсы меңгергені дұрыс.

Әр кезде де өз мәдениетінен сусындаған мәдениетті адам өз бойындағы асыл дүниелерін өзгеге бере алады. Атам қазақ «Өз ағасын ағалай алмаған - кісі ағасын жағалай алмайды» дейді. Яғни, өз уызына жарымаған адам өзгенің уызына да жарымайды деген сөз. Өз елінің қасиетін бойына сіңіре алмаған тексіз, қасиетсіз адамнан өз елінің патриоты, кеменгері шықпайды. Олардан тек қана өз қарақан басы мен

қарнының қамын ойлайтын жемқорлар мен сатқындар ғана өсіп шығатыны белгілі.

Жалпы түркі халқы қай кезеңде де өзінің жасампаздығымен, жаңалыққа жаны құмарлығымен тарихта қалған халықтардың бірі болды. Сонау Түрік қағанаты тұсында да өздерінің төл әрпі «бітік» (руна) жазуымен ерекшеленген түркілер кейін Ұйғыр қағанаты кезеңінде манихейзм дінімен бірге келген мани жазуын қабылдап үлгерді. Ол кезде де мани жазуының артықшылық жақтары назарға алынды. Кейін тарихта «ұйғыр жазуы» деген атпен қалған бұл жазу үлгісі араб жазуымен қатар XV ғасырға шейін қолданылды. Түркі жұрты ислам дінін 750 жылғы Атлах шайқасынан бастап, яғни Қытайға қарсы біріккен араб-түрік соғысында жеңіске жеткен соң қабылдай бастаған болса, араб графикасын сәл кейіндеу қабылдағаны байқалады. Арабтың 28 әрпінен тұратын әліпбиін арабтардың өзінен тікелей емес, 32 әріптен тұратын парсылардың реформаланған нұсқасын өзіне қабылдауында да үлкен мән бар. Себебі арабтарда жоқ «г», «ш», «ч» секілді әріптерді парсылар өз әліпбиіне енгізіп үлгерген еді. Кейін түркілер «ң» әрпін қосып жасаған түркі қадим жазу үлгісін мың жылдан астап пайдаланып келді. Бұл жазу емлесінің айтарлықтай тиімді тұстары көп болды. Қасиетті Құран кітабындағы сөздерді түпнұсқада беру, араб-парсы сөздерін қиналмай жазу әрі жазылған хаттар мен өлеңдерді түркі халықтарының барлығы қиналмай оқи алатындай деңгейде болды. Оның үстіне араб әрпінде «а», «о», «ұ» деген дауысты дыбыстан басқа дауысты дыбыстар араб әліпбиінде жоқ. Тек дауыссыз дыбыстар ғана жазылып, дауыстылардың көпшілігі дәйекше арқылы білдірілгендіктен оны оқудың қиыншылығы туындаған жоқ. Сондықтан да қазақтың ұлы ғалымы А.Байтұрсынұлы араб әліпбиін жаңарту жағын ғана қолдаған болатын. Оның үстіне қазақтар мұсылман болғандықтан қазақтың мәдени қабаттарына қауіп төнбейтін жағына баса назар аударды. А.Байтұрсынұлының 1912-1914 жылғы шыққан әліпби нұсқасында араб әріптерін сол қалпында қалдыруды маңызды деп тапты.

XX ғасырдың басы Батыс өркениетінің дәуірлеген кезеңі болғандықтан латын харпіне көшу прогреске ілесудің төте жолы екенін түсінген зиялы қауым бұл мәселені тарих сахнасына алып шығарды. XX ғасырдың басы да қазақ зиялыларының тәуелсіздікті аңсаған Алаш Орда үкіметінің айналасына топтаса бастаған кезең болатын. Сол кезең үшін де латыншаға өту өзекті мәселе ретінде

Б. Әбжет. Латын графикасына өтудің маңыздылығы: тарихи кезеңдер мен...

көтерілді. Бұл мәселеге келгенде қазақ зиялылары екі жаққа бөлініп айтысты. Бірі араб графикасында қалуды қолдаған болса, екіншілері латыншаға тездетіп көшуді ұсынды. Араб жазуының жазуға да оқуға да ыңғайлы екендігін айтқан А.Байтұрсынұлы өзінің оқу құралын осы әріппен басып шығарған еді. Сонымен бірге грамматикаға қатысты заңдылықтарды да ғалым көрегендікпен жасап шықты. А.Байтұрсынұлы қазақ емлесін өте жоғары деңгейде дәйектеп орналастырды. Оны сол кездегі мықты лингвисттердің өзі жоғары бағалаған. Латын қарпіне өту қарсаңында латынды қолдаушылардың өзі ғалымның бұл еңбегіне жоғары баға берген болатын. «Ленинградтағы академия жанындағы профессорлардың комиссиясы жаңа әліпбидің жобасын қарап, тексеріп шығып, Ахметтің дәйекші системасын яқұттарға да ұсынды. Ахметтің қызметі – бұл жөнінен ұмытылмайтын реформа. Бірақ Ахмет емле жағынан жазуды түзетсе де (түзету ісі қазірге шейін біткен жоқ), жазудың негізі болған хәріп мәселесін шеше алған жоқ» [2, 144], - деп оның еңбегін жоғары бағалаған.

Дегенмен, латыншаға өтудің маңыздылығы жыл өткен сайын арта бастады. «1925 жылдан бастап жаппай Қазақстанның мектептерінде, жеке кәсіпорындарында және мекемелерінде латыншылардың «Жаңа әліпбишілер үйірмесі» немесе «Латыншылар үйірмесі» құрыла бастады. Соңғылары тек айтыс-тартыс жиналыстарын ғана емес, арнайы жаңа әліпбиді үйрететін үйірме сабағын да ұйымдастырды, баяндамашылар үшін тезистер құрастырып, жергілікті газеттерге ұжымдық мақалалар жазды. Осы жылы Н.Төреқұловтың «Жаңа әліпби туралы» атты кітабы басылып шықты [3].

1926 жылы ақпанда Баку қаласында өткен Бүкілодақтық I түркологиялық съезде латыншылар мен арабшылар арасында қатты қызды. Осы съезден кейін түрік республикаларында жаңа әліпби ұйымдары құрыла бастады. Ұйымдардың басты мақсаты халық арасына латын әліпбиінің қолайлылығын түсіндіру болды. Сондай-ақ Әзірбайжан, Солтүстік Кавказ латын негізіне қойылған жаңа әліппені алуға декрет шығарды. Осы съезде сөйлеген сөзінде Н.Төреқұлов: «...Енді бұл мәселенің қазіргі ахуалына ойысқым келеді. Бәске түскен тек екі әліпби, бұлар – реформаланған жаңа араб әліпби және латын әліпбиі...Барлық осынау түркі республикалары мен облыстарында, шынын айтқанда, жазудың бір графикасы, бір әліпбиі, бір жүйесі жоқ. Татар республикасында әліпбидің, яки графиканың бір жүйесін, Қазақ

республикасында екінші, Түркімен республикасында үшінші жүйесін енгізуге ұмтылыс бар...», – деген болатын [4, 375].

Ұлт зиялылары Халел Досмұхамедұлы, Мұхтар Мурзин, Ә.Байділдин және тағы басқалар латын әрібінің ыңғайлылығын насихаттауға белсене кірісті. Латын әрібінің алғашқы нұсқасын жасаушылардың бірі Халел Досмұхамедұлы болған. Ол бастапқыда латын әрібіне қарсы болғандығын: «Нәзір айтқандай, менің латын әрпін алуға қарсы екенім рас. Бірақ латынға қарсы екенімді біле тұра маған латын әріптерінің жобасын жасау тапсырған соң, сол жобаны жасағаным рас. Одан кейінгі «Қазақ тіліне латын әрібін алу мәселесі» деген мақаласында: «Түркі халықтарына араб харіфтерін тастап, латын харіфін алу керек деген сөз көптен бар. Әзербайжандар латын харіфтерін қабылдады, жаһұттар да солай қылды. 1922 жылғы съезінде өзбектер де өз тілін латын харіфтерімен пішті. Профессор Поливанов үлгі жасады» - деген болатын [5].

1927 жылы ресми түрде қолданысқа енген латын графикасы 1940 жылға шейін кеңінен пайдаланылды. Алаш идеясын қолдаған зиялылардың дені қуғынға ұшыраған соң латын әліпбиін де айналымнан шығарып тастады. Қазақстан өзінің тәуелсіздігіне қол жеткізген кезден бастап латыншаға өту мәселесі күн тәртібіне қайта көтерілді. Тура жүз жылдан кейін яғни, Елбасымыздың бастамасымен латын графикасы қазақ тілінде толығымен қолданысқа енетін болады. Алаш зиялылары қолдаған латын графикасының қайта жаңғыратынын еске алсақ, мұны егемендігіміздің нығаюы жолындағы тағы бір үлкен кезең ретінде қарастыруға болады. Тек қалғаны қолға алған шаруаны ақырына дейін жеткеру ғана. Оның үстіне кезінде Алаш зиялылары жасаған графиканың оңтайлы тұстарына да мән бере қарауымыз керек. Бұл жағдайда сол кезде Халел Досмұхамедұлылар жасаған латын графикасының артықшылықтары болды. Олар алдымен бір дауысқа бір дыбыс қағидасын ұстанды. Бұл өз кезегінде қазақ тілінің грамматикасының қалыптасуына жұмыс істеді. Қазіргі тұста жаңа идеямен қатар осы мәселелердің де қайта оралғаны белгілі. Халық қазіргі ұсынылған графикалардың ішінде бір дыбыс, бір әріп қағидасының да тиімді тұстары көп. Халықтың талқысына түскен бұл емленің алдағы уақыттарда нәтижелі аяқталатындығына сенеміз.

Б. Әбжет. Латын графикасына өтудің маңыздылығы: тарихи кезеңдер мен...

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н. Ә. *Әрқашан бірге, әрдайым алда болайық* //Егемен Қазақстан. - 2006. - 25 қазан. Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың сөйлеген сөзі.
2. Шәріп А. *Нәзір Төреқұлов және жаңа әліпби тұжырымдамасы*// «Алаштың асыл перзенті» Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, дипломат Нәзір Төреқұловтың 125 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция матер. Жинағы. Түркістан 2017 жыл - 298бет.
3. Төреқұлов Н. *Жаңа әліпби неге керек?* М., 1924.
4. Садықов. С. Н. *Төреқұловтың өзбек баспасөзін ұйымдастырудағы қызметі* (20-жылдар). III Халықаралық Түркология конгресі. Түркістан, «Тұран» 2009.- 734 б.
5. www.el.kz/news сайты